



БҰЙРЫҚ

09.09.2022 ж.

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 2-02/429

город Павлодар

«Білім берудегі ақпараттық-
коммуникациялық технологиялар»
(ERTIS DIGITAL USTAZ)
облыстық қашықтық
конкурсын өткізу туралы

Білім беру басқармасының 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын орындау және облыс педагогтары арасында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында ғылыми-практикалық қызығушылығын дамыту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылғы 26 қыркүйек пен 11 қараша аралығында облыс білім беру ұйымдарының педагогтары арасында «Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» облыстық қашықтық конкурсы (одан әрі - *Конкурс*) өткізілсін.

2. Төмендегі құжаттар бекітілсін:

- «Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» облыстық қашықтық конкурсының ережесі (1-қосымша);
- конкурсқа қатысушылардың өтінім нысаны (1.1-қосымша);
- конкурсқа дайындалу және өткізу бойынша ұйымдастыру комитетінің (одан әрі - *ұйымдастыру комитеті*) құрамы (1.2-қосымша);
- конкурстың қазылар алқасының құрамы (1.3-қосымша);
- конкурсты ұйымдастыру және өткізуге арналған шығындар сметасы (2-қосымша).

3. Конкурстың ұйымдастыру комитеті:

- конкурсты өткізу шарттарын қамтамасыз етсін;
- конкурсқа дайындалу және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін;
- конкурс туралы ережені білім беру басқармасының сайтында жарияласын;
- Ақпараттық технологиялар орталығы конкурс қорытындыларын 2022 жылғы 26 қарашада шығарсын.

4. Аудандық және қалалық білім беру бөлімдерінің, облыстық білім беру мектептерінің басшылары педагогтардың конкурсына 2022 жылғы 26 қыркүйектен 11 қарашаға дейін қатысуын қамтамасыз етсін.


5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру басқармасы басшысының орынбасары Г. Башироваға жүктелсін.

Басқарма басшысы



С. Айтқазина

Бұйрықпен таныстырылды:



Г. Баширова

Н. Азанбаева

Е. Утубаев